

"Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2131 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 395 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 ақпандағы № 114 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 № 114 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Медициналық көмек көрсетуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2131 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 59, 525-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың өкімдері:

1) жұмыс істеп тұрған денсаулық сақтау ұйымдары желісінің номенклатурасын осы қаулыға сәйкес келтірсін;

2) денсаулық сақтау ұйымдарының желісін дамыту мен оларды қаржылай және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдасын.»;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары:

1) бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары:

аудандық емхана (бұдан әрі – АЕ) аудан орталығында құрылады; медициналық пункт халқының саны 50 (елу) адамнан 800 (сегіз жүз) адамға дейінгі ауылдық елді мекендерде (бұдан әрі – АЕМ) құрылады; фельдшерлік-акушерлік пункт халқының саны 800 (сегіз жүз) адамнан 2000 (

екі мың) адамға дейінгі АЕМ-де құрылады;
дәрігерлік амбулатория (отбасылық денсаулық орталығы) халқының саны 2000 (екі мың) адамнан 10000 (он мың) адамға дейінгі АЕМ-де құрылады;
ауылдық емхана бекітілген халқының саны 10000 (он мың) адамнан және одан асатын халқы тығыз орналасқан АЕМ-де құрылады;
қалалық емхана (бұдан әрі – ҚЕ) бекітілген халқының саны 30000 (отыз мың) адамнан асатын қалаларда бір аумақтық учаске шегінде, бірақ кемінде бір ҚЕ құрылады ;

дәрігерлік амбулатория бекітілген халқының саны 30000 (отыз мың) адамнан кем емес бір аумақтық учаске шеңберінде қалалық елді-мекендерде құрылады.

2) консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары :

консультациялық-диагностикалық орталық облыстарда, республикалық маңызы бар қалада және астанада құрылады.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

К. Мәсімов